

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбелерін айқындау туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 28 наурыздағы № 403 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 04 мамырда № 5505 болып тіркелді.

Казақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Айқындалсын:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д. Ысқақовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Қ. Көшербаев

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "28" наурыздағы
№ 403 қаулысына 1-қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Медициналық мамандығы бар мемлекеттік мекеме немесе қазыналық кәсіпорын басшысы, басшының орынбасары (басшының экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша орынбасарларынан басқа).

2. Мемлекеттік мекеме немесе мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің басшысы (менгерушісі): аурухананың медицина бөлімшесінің, емхананың, дәріхананың.

3. Мамандар: әлеуметтік қызметкер, барлық мамандықтағы дәрігерлер, фельдшер, акушер, зертханашы (медициналық), мейіргер, тіс дәрігері (дантист), тіс техникі (тіс протездеу бөлімшесінің, кабинетінің зертханашысы), стоматолог-дәрігердің көмекшісі (стоматологтың асистенті), рентген зертханашысы, фармацевт, стоматологиялық гигиенист, медициналық тіркеуші, емдік дene шынықтыру жөніндегі нұсқаушы,

техник-дозиметрист, диеталық мейіргер, нұсқаушы-дезинфектор, обага қарсы қызметтің зоологы.

Қызылорда облысы әкімдігінің
2016 жылғы "28" наурыздагы
№ 403 қаулысына 2-қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандар лауазымдарының

тізбесі

1. Медициналық немесе педагогикалық немесе әлеуметтік мамандығы бар мемлекеттік мекеме немесе қазыналық кәсіпорын басшысы, басшының орынбасары (басшының экономикалық, қаржылық және әкімшілік шаруашылық мәселелері бойынша орынбасарларынан басқа).

2. Мемлекеттік мекеме немесе қазыналық кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің басшысы (менгерушісі): медициналық бөлімшесінің, дәріхананың, үйде қызмет көрсету бөлімшесінің, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың Мансап орталығының басшысы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 11.02.2025 № 77 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Мамандар: әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман, Мансап орталығының құрылымдық бөлімшесінің маманы, Мансап орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантты, зейнетақы мен жәрдемақыны төлеу жөніндегі ұйымның маманы, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, барлық мамандықтағы мұғалімдер, тәрбиеші, барлық мамандықтағы дәрігерлер, медициналық мейіргер, диеталық мейіргер, әдіскер, дефектолог, логопед, психолог, емдік денешінің жөніндегі нұсқаушы, жүзу жөніндегі нұсқаушы, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы, райтерапия (иппотерапия) жөніндегі нұсқаушы-әдіскер, кітапханашы, музыкалық жетекші, мәдени ұйымдастырушы (бұқаралық жұмыс жөніндегі ұйымдастырушы), Мансап орталығының асистенті.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Қызылорда облысы әкімдігінің 12.01.2024 № 8 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК